



«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛДІ
2020 жылғы 23 сәуір
№ 139 хаттама

**Басқалай қаржы залалдарынан ерікті сақтандыру
ЕРЕЖЕСІ
«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Басқалай қаржы залалдарынан ерікті сақтандыру жөніндегі осы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Халық» сақтандыру компаниясы» Қазақстан Халық банкінің еншілес сақтандыру ұйымы» акционерлік қоғамының ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді және басқалай қаржы залалдарынан ерікті сақтандыру шартының (бұдан әрі – Сақтандыру шарты) сақтандыру талаптарын, оны жасасу тәртібін, шартты қолдауды және орындауды реттейді.

2. Осы Ережеде төмендегідей анықтамалар пайдаланылады:

1) **рейстің кідіруі** – көлік құралын уақтылы жөнелтпеу;

2) **контрагент** – Сақтанушымен жасасылған азаматтық-құқықтық шарттың бір тарабы болып табылатын жеке немесе заңды тұлға;

3) **сапардан бас тарту** – Сақтанушының өз еркінен тәуелсіз себептер бойынша сапарға шығудан амалсыз бас тартуы;

4) **өндірістік қызметтегі үзіліс** – Сақтанушының өндірістік және (немесе) коммерциялық қызметінің тоқтауы;

5) **инвестицияларды жоғалту** – Сақтанушының басқа өндірістік құрылымдарға, корпоративтік, мемлекеттік немесе муниципалдық бағалы қағаздарға салған инвестицияларының толықтай немесе ішінара жоғалуы;

6) **ұңғымаға бақылауды жоғалту** – Сақтанушы қиратылған (зақымдалған) мүліктің сақтандырылған сынықтарын алып тастау, сұрыптау, құлату, бекітуді бақылауды қалпына келтіруге байланысты тартуы мүмкін күтпеген шығындардың тәуекелі;

7) **жұмысты жоғалту** – Сақтанушыны (жеке тұлғаны) жұмыссыз ретінде халықты жұмыспен қамту орталығына тіркеу және есепке қоюдан тұратын оның өмірінде болуы мүмкін оқиға;

8) **Сақтанушы** – Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан әрекетке қабілетті жеке тұлға немесе заңды тұлға. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтандыру шарты бойынша тек Сақтанушының өзінің және оның пайдасындағы тәуекел ғана сақтандырылуы мүмкін;

9) **сақтандыру мүддесі** – Сақтанушының тәуекелдердің алдын алу және сақтандыру жағдайының басталуын болдырмаудағы мүліктік мүддесі;

10) **сақтандыру жағдайы** – оның басталуымен Сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды қарастыратын оқиға.

Сақтандыру тәуекелі ретінде қарастырылатын оқиғада төменде санамаланған белгілердің барлығы болуға тиіс:

- оқиғаның басталу ықтималдығы мен кездейсоқтығы;
- оқиғаның басталуының нақты уақытына немесе орнына, сондай-ақ оқиғаның басталу салдарынан болған залалдардың мөлшеріне қатысты болжанбайтындығы;

- оқиға Сақтандыру шартының қолданылуы шегінде сөзсіз және объективті түрде болуға тиіс, бұлар жөнінде тараптар немесе ең болмағанда, Сақтанушы көрінеу білді немесе алдын ала хабардар болды деген қауіптің болмауы;

- оқиғаның басталуында Сақтанушының мүліктік мүддесі үшін теріс, экономикалық тұрғыдан тиімсіз салдардың болуы;

- оқиғаның басталуы Сақтанушының ерік-қалауымен және (немесе) пиғылымен байланысты болмауы және пайда алу және (немесе) ұтыс алу (алыпсатарлық тәуекел) мақсатын көздемеуі;

11) **Сақтандырушы** – басқалай қаржы залалдарынан ерікті сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға Сақтандыру шартында белгіленген сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін

жүзеге асыруға міндетті «Халық» сақтандыру компаниясы» Қазақстан Халық банкінің еншілес ұйымы» акционерлік қоғамы;

12) **сату – сатып алу мәмілелері бойынша залалдар** – сатып алушының Сақтанушы сатқан тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің, басқа мүліктің құнын толықтай немесе ішінара төлемеуі;

13) **мерзімдік депозиттер және ағымдағы шоттар бойынша залалдар** – банктің, басқалай қаржы ұйымының белгіленген мерзімде салым сомасына (олар бойынша проценттерді) толықтай немесе ішінара төлемеуі, олардың иелерінің өкімі бойынша Сақтанушының шоттарынан ақша бермеу немесе операцияларды орындамау;

14) **құжатты жоғалту** – Сақтанушының жеке басын куәландыратын құжатты жоғалтуы.

3. Сақтандыру Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында Қазақстан Республикасының қазіргі заңнамасына сәйкес жасалған Сақтандыру шартының негізінде жүзеге асырылады.

4. Сақтандыруға Сақтанушының құқыққа қарсы әрекеттері жатпайды.

5. Сақтандыру шартын жасасу кезінде тараптар осы Сақтандыру ережесінің кейбір ережелерін өзгертуі (алып тастауы) және (немесе) Сақтандыру шартын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына кереғар келмейтін басқа ережелермен толықтыруы мүмкін.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

6. Сақтандыру объектісі – Сақтанушының жұмысты жоғалту, табысты жоғалту, рейстің кідіруі, өндірістік қызметтегі үзіліс, инвестицияларды жоғалту, ұңғымаға бақылауды жоғалту, құжатты жоғалту, қолайсыз табиғи құбылыстар, нарықтық құнды жоғалту, сондай-ақ басқа залалдар, оның ішінде, Сақтанушының қаржылық – шаруашылық қызметті жүзеге асыруы салдарынан күтпеген залалдардың туындау тәуекеліне байланысты мүлдік мүдделері.

7. Сақтанушы біржолғы мәміле (келісімшарт, шарт, жоба және т.б.) бойынша залалдар тәуекелімен қатар, белгілі бір уақыт аралығындағы тәуекелді де сақтандыруға құқылы.

8. Егер сақтандырудың қандай-да бір бөлігінде сақтандыру өтемі, сақтандыру төлемі немесе қаржылық пайда Сақтандырушыны немесе оның органын БҰҰ-ның шешімдеріне, Қазақстан Республикасы, Еуропалық Одақ немесе АҚШ үкіметтерінің заңдары мен қаулыларына сәйкес қандай-да бір санкцияларға, тыйым салуларға немесе шектеулерге, сауда немесе экономикалық санкцияларға әкеп соқтырса, Сақтандырушы сақтандыру қорғанысын бермейді, сонымен қатар сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру үшін немесе Сақтандыру шарты бойынша кез-келген басқа қаржылық пайда алу үшін жауап бермейді.

3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

9. Сақтандыру жағдайы деп Сақтандыру шартында қарастырылған, оның басталуымен Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеті туындайтын, орын алған оқиға танылады.

10. Сақтандыру жағдайы деп күпеген қаржылық және мүлдік шығыстарға, сондай-ақ Сақтанушының шығындарына әкеп соқтырған төмендегідей оқиғалар танылады:

1) Төмендегілердің салдарынан Сақтанушының тауарларын, жұмыстарын, қызметтерін, басқа мүлкін сатып алу-сату мәмілелері бойынша залалдар тәуекелі:

а) дүлей апаттардың, өрттің, жарылыстың, апаттың кесірінен контрагенттің және оның қызметкерлерінің кінәсіз өндірістің (басқа қызметтің) тоқтауы және контрагентте түсімнің болмауы (анағұрлым азаюы);

б) контрагенттің сату көлемінің аяқ астынан күрт төмендеуі:

– нарықта сондай тауарларды сатушы жаңа сатушылардың пайда болуына байланысты оның өнімінің (тауарларының) сату бағамдарының төмендеуіне, олардың ұсыныстарының

сұраныстан артық болуына немесе бәсекелестің бағаның сол деңгейінде тұтынушылық сапасы жақсырақ тауарды сатуына байланысты;

– материалдық, отын-энергетикалық ресурстарға, тасымалдау қызметтеріне бағаның инфляциялық өсімінен, кредиттердің қымбаттауынан немесе халықтың нақты кірісінің кемуінен сатып алушылардың айналыстағы қаражатының жетіспеушілігіне байланысты олар шығарған тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) тұтынушылардың төлемге қабілетті сұранысының азайына орай;

– Сақтанушы контрагентінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банкротқа ұшырауына байланысты;

в) өнімнің бұзылуы, сондай-ақ қаржы-шаруашылық жүзеге асыру кезінде қажетті нормалар, талаптар және режимдер сақталған кезде, оларды одан әрі кәдеге жарату немесе қайта өңдеу үшін кері қайтару қажеттілігі;

г) іс-шараларды (концерттер, көрмелер және т.б.) еріксіз түрде болдырмау не сатудың, билеттерді өткізудің жоспарланған деңгейіне (мөлшеріне) қол жеткізе алмау;

2) Төмендегілердің салдарынан Сақтанушының мерзімдік депозиттер мен ағымдағы шоттар бойынша залалдар тәуекелі:

а) банктің барлық активтерінің не активтерінің бөлігінің жоғалуына әкеп соқтырған дүлей апаттардың, өрттің немесе жарылыстың кесірінен;

б) банктердің, басқа қаржы ұйымдарының өтімділігін жоғалтуға әкеп соқтырған, валюта және қор нарықтарындағы ахуалдың аяқ астынан күрт өзгеруі;

в) банк қаражатының, басқалай қаржы ұйымының өтімді активтерінің елеулі бөлігінің жоғалуына және банктің, басқалай қаржы ұйымының төлем қабілеттілігінің төмендеуіне әкелген үшінші тұлғалардың (банктің немесе басқалай қаржы ұйымдарының қызметкерлерін қоспағанда) заңға қайшы әрекеттері;

г) банк, басқалай қаржы ұйымы берген кредиттер бойынша проценттік мөлшерлемелерінің кенеттен төмендеуі, проценттік табыстың келіп түсуін азайтқан кредит үшін кредиттің және кредиттер проценттерінің едәуір сомаларын кері қайтармау; егер Сақтандыру шартында (бағдарламасында) басқалай қарастырылмаса, проценттік табыстың едәуір төмендеуі деп күнтізбелік 3 (үш) ай ішінде проценттік шығындардың проценттік табыстардан артып кетуі танылады;

д) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте банктің, басқалай қаржы ұйымының банкротқа ұшырауы;

3) инвестициялау объектісіне төмендегілердің әсерінің салдарынан Сақтанушының нақты инвестицияларын толықтай немесе ішінара жоғалту тәуекелі:

а) дүлей апаттардың;

б) өрттің, жарылыстың, апаттың;

в) ұшу аппараттарының немесе олардың сынықтарының құлауы;

г) нарықтық конъюктураның, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қалыптастыру тәртібінің, өндіріс шығыстарының құрамының және өнімдерді, жұмыстарды, қызметтерді өткізу құрамдарының, сондай-ақ салық салу объектілерінің және мөлшерінің алдын ала ескерілмеген, жағымсыз өзгерістеріне;

4) Төмендегілердің салдарынан қоржын инвестицияларын және оларға кірістерді толық немесе ішінара жоғалту:

а) нарықтық конъюктураның және кірістіліктің төмендеуімен, бағалы қағаздардың өтімділігімен шарттасылған кәсіпкерлік қызметтің басқа шарттарының ескерілмеген, жағымсыз өзгерістеріне байланысты бағалы қағаздар эмитентінің қаржы-экономикалық жағдайының, төлем қабілеттілігінің құлдырауы;

б) бағалы қағаздармен, олардың котировкасымен олар бойынша проценттерді, дивидендтерді есептеу және төлеу операцияларындағы үшінші тұлғалардың (эмитенттің қызметкерлерін, маркет-мейкерлерін қоспағанда) заңсыз әрекеттері;

в) бағалы қағаздар эмитентінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте банкротқа ұшырауы;

5) Өндірістің төмендегілердің салдарынан үзіліске тұру тәуекелі:

а) дүлей апаттардың;

б) өрттің, найзағай соғуының, жарылыстың;

в) отын, газ құбырларының, электрмен, бумен, сумен қамсыздандыру жүйелерінің, технологиялық құрал-жабдықтардың апатынан;

г) ұшу аппараттарының немесе оның сынықтарының (бөліктерінің) және (немесе) олардағы жүктердің құлауынан;

д) үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттерінен;

е) олардың кінәсінен емес, дүлей апаттардың, өрттің, жарылыстың, апаттың салдарынан орын алған өнім берушілердің материалдық, отын-энергетикалық және басқа ресурстарды жеткізбеуі (толық жеткізбеуі), орындаушылардың жұмыстарды орындамауы, қызметтерді көрсетпеуі;

ж) конструктивтік, технологиялық сипаттағы, конструкциялық материалды таңдаудағы кездейсоқ қателіктері, жетімсіздіктері;

з) сынақтар кезінде анықталмаған, қолданыстағы жаңалықтардағы жасырын ақаулар;

и) жаңа техниканы, технологияны пайдаланудағы жұмыс кезінде білікті персоналдың кездейсоқ қателері, жетімсіздіктері.

Өндірістегі үзілістен болатын залал мыналардан құралады (Сақтандыру шартында тізбе жиынтығында не бөлек таңдалуы мүмкін):

– Сақтанушының өндірістегі үзіліс кезеңінде шаруашылық қызметті жалғастыру бойынша ағымдағы шығындарынан;

– өндірісте үзілістің басталуы салдарынан оның шаруашылық қызметінен түсетін кірісін жоғалтуы.

Сақтанушының шаруашылық қызметті жалғастыру бойынша ағымдағы шығындары – Сақтанушы үзіліс кезінде де зақымдалған немесе құртылған мүлікті қалпына келтіргеннен кейін, қысқа мерзім ішінде үзілген шаруашылық қызметін өндірістегі әкеп соқтырған залал келтірілер алдында болған көлемге дейін қалпына келтіру үшін сөзсіз жалғастыра беретін шығындар. Ондай шығындарға мыналар жатады:

– өткізілген өнімнің, тауардың немесе қызметтің көлеміне тәуелсіз Сақтанушы жұмысшыларының және қызметшілерінің еңбекақы бөлігі;

– әлеуметтік сақтандыру органдарына аударылатын төлемдер, Сақтанушының өндірістік және коммерциялық нәтижелеріне тәуелсіз төленетін басқа ұқсас төлемдер;

– егер аренда төлемдерін Сақтанушы жалға алынған мүліктің құртылу (опат болу), зақымдалу, жоғалу фактісіне қарамастан төлеуі тиіс болса, үй-жайды, жабдықты және Сақтанушы өзінің шаруашылық қызметі үшін жалға алатын басқа мүлікті жалға алу ақысы;

– Сақтанушының шаруашылық қызметінің нәтижелеріне тәуелсіз төленетін салықтар мен алымдар;

– белгіленген нормалар бойынша зақымдалмаған негізгі қорға немесе олардың зақымдалмаған қалған бөлігіне амортизациялық аударымдар;

– егер ол қаражат материалдық залалдың салдарынан доғарылған Сақтанушының шаруашылық қызметіне инвестициялау үшін пайдаланылған болса, кредиттер немесе басқа тартылған қаражаттар бойынша проценттер.

Сақтандыру шартында шығындардың тізбесі жиынтығында не кез келген құрамдасында таңдалуы, сондай-ақ шығындардың қосымша түрлері қосылуы мүмкін.

Сақтанушының шаруашылық қызметінен түсетін кірісті жоғалту егер оның шаруашылық қызметі материалдық залалдың басталуынан доғарылмаса, өндіріс кезінде ол алуы мүмкін кіріске ғана таратылады:

- өндірістік және ауылшаруашылық кәсіпорындар үшін – өнімдерді шығару және өткізу есебінен;

- кәсіпорындар мен қызмет көрсету саласының ұйымдары үшін – қызметтер көрсету есебінен;

- сауда және қамтамасыз ету кәсіпорындары үшін – тауарларды сатудан.

б) сату көлемдерінің, қосымша шығындардың және кәсіпкерлік қызметтен басқалай залалдардың төмендеу тәуекелі, атап айтқанда:

а) төмендегілер салдарынан тауарларды сату, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету көлемінің төмендеуі:

- нарықта сатудың осындай бұйымдарын сатушылардың немесе ұсыныстың сұраныстан артуымен шарттасылған, ұқсас жаңа тауарлары бар, бағаның сол деңгейіндегі бәсекелестердің пайда болуы және Сақтанушы – кәсіпкердің сату бағасының төмендеуі;

- материалдық, отын-энергетикалық ресурстарға, көлік қызметтеріне бағаның инфляциялық өсімі, кредиттердің қымбаттауы және/немесе халықтың нақты кірістерінің төмендеуі салдарынан айналымдағы қаражаттың жетіспеушілігіне байланысты кәсіпкер өндірген (орындаған) тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің тұтынушыларының төлемге қабілетті сұранысының азаюы;

б) өнім берушілердің құрамының және шалғайлығының немесе шикізаттың, материалдардың, отын-энергетикалық және басқа ресурстардың құнының не тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өндіру шығыстарының артуына себеп болған кәсіпкерлік қызметтің табиғи-климаттық шарттарының алдын ала болжанбаған өзгерісі;

в) олардың салдары кәсіпкердің басқа тұлғаларға берілген кепілгерлік және (немесе) кепілдік бойынша міндеттерін орындамаудан, валюта шоттары және шет елдік валютамен операциялар бойынша бағам өзгерісінің айырмашылығынан, үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттерінен болатын залал болып табылатын болжалды жайсыз оқиғалар;

7) мерзімсіз (белгісіз мерзімге жасалған) еңбек шартының төмендегі негіздемелер бойынша бұзылуы салдарынан Сақтанушының жұмысты жоғалту тәуекелі:

а) қызметкер жұмыс берушімен бірге басқа аймаққа ауысудан бас тартқан кезде еңбек шартын тоқтату;

б) еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыс беруші - заңды тарату кезінде не жұмыс беруші – жеке тұлғаның қызметін тоқтату кезінде бұзу;

в) еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша қызметкерлер санын немесе штатын қысқарту кезінде бұзу;

г) еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыс берушінің экономикалық жай-күйін құлдыратуға әкеп соқтыратын өндіріс, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету көлемінің төмендеуі кезінде бұзу. Бұл ретте сақтандыру қорғанысы егер жұмыс берушінің экономикалық жай-күйінің құлдырауы бір мезгілде және кейіннен 10 (он) және одан артық қызметкермен күнтізбелік 30 (отыз) күні ішінде еңбек шарттарын бұзуға әкеп соқтыратын жағдайларға таратылмайды;

д) заңды тұлғаның атқарушы органы басшысының, алқалы атқарушы органы мүшелерінің өкілеттіктері немесе заңды тұлға атқарушы органының жекелеген мүшесінің, сондай-ақ «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің және корпоративтік хатшының өкілеттіктері заңды тұлға мүлкі меншік иесінің не меншік иесі уәкілеттік берген тұлғаның (органның) немесе заңды тұлға уәкілетті органының шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылғанда, жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу;

е) белгісіз мерзімге жасалған еңбек шартын тараптардың келісімі бойынша бұзу, егер ондай келісімнің бастамасышы жұмыс беруші болса;

ж) белгісіз мерзімге жасалған еңбек шартын еңбек міндеттерін орындауға байланысты алған өндірістік жарақатқа, кәсіби сырқатқа байланысты денсаулық жағдайына қарай немесе өндіріспен байланысты емесе денсаулығының басқалай зақымдалуы бойынша бұзу;

8) Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысы кезеңінде орын алған келесідей себептер бойынша сапар жасаудан аламсыз бас тарту тәуекелі:

а) Сақтанушымен немесе оның жолдасымен немесе жақын туысқанымен болған, стационарда емделуді талап ететін кенеттен сырқаттану немесе жазатайым жағдай, егер, стационарда емделу қажеттігі болжалды сапар күніне дейін созылған болса, сондай-ақ Сақтанушы стационардан сапарды жасау күніне медициналық қарсы көрсеткіштермен шығарылмаған болса;

б) Сақтанушыға меншік құқығы бойынша тиесілі тұрғын жылжымайтын мүлікке мыналар салдарынан залал келтіру: дүлей апаттар; өрт; жарылыс; су құбыры, канализация, жылыту немесе өртке қарсы жүйелердегі апаттар салдары болып табылатын сумен зақымдалу; көрші үй-жайлардан су өту; шығу күніне дейін болған және Сақтанушының сапарға шығуына объективті кедергі келтіретін, үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері;

в) Сақтанушының немесе Сақтанушымен бірге шығатын оның жолдасының немесе баласының рұқсатнама ала алмауы, егер рұқсатнама алу үшін құжаттар (жиынтығында):

- уақытша баратын елдің талаптарына сәйкес ресімделген болса;
- елшілікке (консулдық, рұқсатнама орталығы) уақтылы тапсырылған болса;
- Сақтандыру шартын жасасқаннан кейін тапсырылған болса;

9) сапар кезінде жеке басын куәландыратын құжаттарды жоғалту;

10) мыналар салдарынан екі сағаттан артық уақытқа рейсті кешіктіруге байланысты күтпеген шығындардың туындау тәуекелі:

- қолайсыз ауа-райы;
- мемлекеттік органдардың талаптары (көші-қон ведомствосы, терроризммен күрес ведомствосы, кеден қызметі, шекара бақылауы және т.б.);
- көлік құралының механикалық немесе техникалық зақымданулары;
- тасымалдаушының кінәсі бойынша басқа жағдайлар.

11) мыналар салдарынан Сақтанушының шығындары мен шығыстары тәуекелі:

– бақылаудан шыққан, сақтандырылған ұңғыманы бақылауды қалпына келтіруге немесе қалпына келтіру талпыныстарына байланысты, алайда, ұңғыма қайтадан бақылауға алынған сәтке дейінгі шығындар мен шығыстар;

– құрлық арқылы немесе теңіздің түбінен ағатын, сақтандырылған ұңғымадағы өртті, сақтандырылған ұңғыманың бақылаудан шығуы салдарынан туындаған, басқа ұңғымалардағы өртті сөндіру немесе сөндіру талпыныстары кезіндегі;

– бақылаудан шығу немесе тұтану қаупін төндіретін, сақтандырылған ұңғымадағы басқа өртті сөндіру кезіндегі;

– сақтандырылған ұңғымаларды немесе олардың кез келген бөліктерін қайтадан бұрғылау немесе қалпына келтіру, егер ұңғымалардың зақымдалуы немесе құртылуы ұңғымалардың бақылаудан шығуынан немесе бұрғылау, жөндеу жабдығының зақымдануынан немесе бұрғылау платформаларының жер үстіндегі немесе теңіз түбіндегі жарылыстарынан, найзағайдың соғуынан, жер үсті, судағы немесе әуе көлік құралдарымен соқтығысудан, бораннан немесе дауылдан, су тасқынынан, бұрғылау ұңғымасының, дерриктің немесе кранның құлауынан, бұрғылау ұңғымаларының, дерриктердің немесе мачталардың отыруынан немесе тартылуынан, жердің сілкінуінен, жанартау атқылауынан,

зәкірмен, зәкір шынжырларымен, қалтқымен немесе балықшылар жабдықтарымен соқтығысудан кейін орын алған болса.

Ұңғыма егер геологиялық себептер бойынша ұңғыманың сағасынан жердің үстіне, теңіздің түбіне немесе немесе басқа су қоймаларының түбіне шығатын және тез:

- өндірістегі превенторлар немесе шығарындының алдын алуға тағайындалған басқа жабдық арқылы тоқтатылуы;

- бұрғылау ерітіндісінің параметрлерін өзгерту арқылы немесе тампондау құралдары арқылы тоқтатылуы;

- өнеркәсіп және тиісті пайдалы қазбаларды өндіру үшін қоршаған ортаға қауіпсіз пайдаланылуы мүмкін бұрғылау ерітіндісінің, мұнайдың, газдың немесе судың ағыны кенеттен және кездейсоқ туындаған жағдайларда бақылаудан шыққан болып саналады.

Ұңғымаға бақылау ол туралы мемлекеттік тау-кен техникалық бақылау органы немесе басқа уәкілетті орган тиісінше хабарланған сәттен бастап қалпына келтірілген болып саналады. Бұл ретте:

- бақылаудан шыққан ағын тоқтатылуда, тоқтатылған не тоқтатылуы мүмкін, немесе

- бақылаудан шыққан кезде тоқтатылған бұрғылау ұңғымаларындағы бұрғылау, тереңдету, қызмет көрсету, қайта өңдеу, аяқтау, жөндеу немесе ұқсас операциялар жаңғыртылды немесе жаңғыртылуы мүмкін, немесе

- бұрғылау ұңғымалары өндірістің бұрынғы күйіне келтірілді, жабылды не ұңғымаға бақылауды жоғалтқанға дейінгі кез келген ұқсас күйіне келтірілді, немесе

- бақылаудан шыққан ағын қауіпсіз бағытталды немесе өндісітік процеске қауіпсіз бағытталуы мүмкін.

11. Сақтандыру тәуекелдерінің, сақтандыру жағдайларының, олардың құрамдарының нақты тізбесі Сақтандыру шартында белгіленеді.

12. Сақтандыру шартында (бағдарламасында) күтпеген қаржы немесе мүліктік шығыстарға байланысты Сақтанушының басқа тәуекелдерін, сондай-ақ Сақтанушыға тәуелсіз шығындарды сақтандыру қарастырылуы мүмкін.

13. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ ол келтірген залалдарды дәлелдеу Сақтанушыға жүктеледі.

14. Егер Сақтанушы жауапкершілігінің басталуы (жиынтығында):

- 1) Сақтандыру шартының (сақтандыру қорғанысының) қолданыс мерзімі ішінде болса;

- 2) Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру аумағында болса;

- 3) Сақтандыру шартында көрсетілген бір немесе бірнеше сақтандырылған тәуекелдің басталуы салдарынан орын алса, оқиға сақтандыру жағдайы деп танылады.

15. Егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, сақтандыру жағдайы:

- а) егер Сақтанушы мәміле (келісімшарт, шарт, жоба және т.б.) бойынша залал шексе және ол залалдар бойынша үшінші тараптан Сақтанушы мен үшінші тарап арасындағы шарттың мерзімі аяқталған күннен кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде өтемақы алмаса;

- б) егер Сақтанушы белгілі бір уақыт аралығында қаржы-шаруашылық қызметінен залал шексе және ол залалдар бойынша үшінші тараптан Сақтанушы мен үшінші тарап арасындағы шарттың мерзімі аяқталған күннен кейінгі күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде өтемақы алмаса, сақтандыру жағдайы басталған болып саналады.

4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДАҒЫ ШЕКТЕУЛЕР

16. Егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, төмендегілер салдарынан орын алған залалдар сақтандыру жағдайына жатпайды:

- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті ластанудың әсері;

2) әскери әрекеттер немесе әскери шаралар және олардың салдары, әскери қаруды қолдану;

3) террорлық актілер, арандатушылық қызмет;

4) азаматтық соғыстар, кез келген түрдегі халықтық толқулар, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер;

5) Сақтанушының өрт қауіпсіздігі ережелерін, өрт қауіпі бар және жарылғыш заттарды және нәрселерді сақтау ережелерін, жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі және басқалай ұқсас талаптарды бұзуы;

6) аталған жұмыстар сақтандырылған қызмет болып табылатын жағдайларды қоспағанда, құрылыс-монтаж, жөндеу-әрлеу және іске қосу және ретке келтіру жұмыстарын жүргізу;

7) тұлғалардың алкогольмен, есірткімен немесе басқа затпен мас күйінде жасаған әрекеттері, егер көрсетілген тұлғалар сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталған кезде Сақтанушымен еңбек немесе азаматтық-құқықтық қарым-қатынаста болса;

8) сақтандырылған электр құрылғысына (немесе электр желісіне қосылған басқа жабдық) қысқа тұйықталған электр тоғының әсері, электр желісіндегі кернеудің немесе ток күшінің артуы, электр желісіндегі шамадан тыс кернеу;

9) асбесттің ағып кетуі немесе бөлінуі;

10) Сақтанушының (жолдасының, жақын туысының) жоспарлы түрде ауруханаға жатуы, санаторияда, курортта емделуі, қалпына келтіру және пластикалық операциялар жасатуы;

11) стационарда емделуді талап ететін, кенеттен болған сырқат немесе Сақтанушымен болған жазатайым жағдай немесе Сақтанушының стационардан сапарға шығуға қарсы медициналық көрсекіштерімен сапарға шығар алдындағы күнтізбелік екі күн бұрын шығару;

12) созылмалы сырқаттар немесе олардың стационарлық емді қажет етпейтін қабынуы;

13) дүлей апаттар (жердің сілкінуі, көшкін, боран, дауыл, су тасқыны, су басу, бұршақ немесе нөсер), Сақтанушының мүлкіне залал келтіруді және оның салдарларын, эпидемия, карантин, метеожағдайларды қоспағанда;

14) мына себептер бойынша жылжымайтын мүлікке залал келтіру:

а) Сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе басқа нормативтік актілерінде белгіленген өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын бұзуы не уәкілетті органдардың өрті қауіпсіздігіне қатысты анықталған бұзушылықтарды және (немесе) кемшіліктерді жою туралы ұйғарымдарында белгіленген мерзімдерді бұзуы;

б) Сақтанушының өрт қауіпі бар, улы, жарылғыш және күйдіргіш материалдарды сақтауы және (немесе) пайдалануы;

в) автоматты өрт сөндіру құралдарының өздігінен іске қосылуы;

д) Сақтанушының апатты және ескірген су құбыры, жылыту, канализация және өртке қарсы жүйелерді пайдалануы, Сақтанушының бұл жүйелерді пайдаланудың нормативтік мерзімдерін бұзуы немесе сақтамауы;

15) сақтандырылған сапар басталар күнге дейінгі күнтізбелік екі күн бұрын жылжымайтын мүлікке келтірілген залал;

16) құжаттарды уақытылы тапсырмау немесе толық тапсырмау не рұқсатнама алу тәртібін бұзу, оның ішінде, туристік немесе тиісті қызметтерді көрсететін басқа ұйым жіберген бұзушылықтар, сондай-ақ Сақтанушы ұсынған шынайы емес мәліметтер;

17) туристік немесе сапарды ұйымдастырушы басқа фирманың таратылуы;

18) Сақтанушының сапардан ерікті түрде бас тартуы немесе сапардан сақтандыру жағдайының себептерінен басқа себептер бойынша бас тарту;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда Сақтанушының шығу және еркін қозғалу құқықтарының уақытша шектелуі;

20) олардың меншік нысанына тәуелсіз құзіретті органдардың және ұйымдардың тауарларды алып алуы, тәркілеуі, тұтқындауы;

21) мемлекеттік (жергілікті, муниципалдық) биліктің шешімі бойынша енгізілген тыйымдар және (немесе) шектеулер;

22) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында қарастырылған басқа жағдайлар.

17. Егер залалдар төмендегілер салдарынан туындаса, олар сақтандыру жағдайы болып табылмайды және Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:

1) контрагенттің және Сақтанушының сөз байланысуы бойынша бүркеме мәміле (жалған мәміле) болып табылған сатып алу-сату шартын жасасуы;

2) Сақтанушының, сатып алушының, банктің, басқа қаржы ұйымының, Сақтанушының инвестициялау объектісі болған кәсіпорынның, бағалы қағаздар эмитентінің залалдардың себебі болған қасақана немесе өрескел абайсыздығы;

3) сатып алушы сатып алған тауарларын, басқа мүлкін тиімсіз қолдануы (пайдалануы);

4) тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді), басқа мүлікті сатып алушының заңсыз әрекеттері;

5) контрагенттің кредитормен есеп айырысу кезегін кәсіпкер – сатушының пайдасына кереғар қасақана таңдауы;

6) оның кірістілігі мен өтімділігіне орай банкке төленуі көпе-көрінеу мүмкін болмаған, көтеріңкі проценттермен Сақтанушы мен банктің, басқа қаржы ұйымының сөз байласу арқылы депозиттік салым шартын жасасуы;

7) Сақтанушының банктің, басқа қаржы ұйымының сенімділігі, төлем қабілеттілігі бойынша таңдау жасаудағы өрескел абайсыздығы;

8) банктің кредиттік қоржынында жоғары проценттерге, сондай-ақ кепілдемесіз, кепілдіксіз, кепілсіз, жауапты заемшының сақтандыру полисінсіз тәуекелді кредиттердің үлес салмағының жоғары болуы;

9) кредиттерді беру туралы шешімді қабылдау кезінде банктің, басқа қаржы ұйымының заемшылардың кредитке қабілеттілігін және кредит тәуекелін талдауы және бағалауы кезіндегі қате есептері, қателері, басқа қасақана және қасақана емес ғәпілдіктері;

10) сатып алушыны, инвестиция объектісін, бағалы қағаздар эмитентін, банкті, басқа қаржы ұйымын жалған немесе қасақана банкротқа ұшырату немесе ерікті түрде тарату;

11) сенімділігі, төлем қабілеттілігі, болашақтағы қызмет бағыттары атүсті, біліксіз талданған және бағаланған эмитенттердің бағалы қағаздарына инвестициялау;

12) Сақтанушының, банктің, бағалы қағаздар эмитентінің, басқа қаржы ұйымдары персоналының заңсыз әрекеттері;

13) ақша аударымдарына, валютаны бағамдарын өзгертуге, тауарлардың бағаларын және (немесе) құнын өзгертуге тыйым салу немесе шектеу;

14) кеден баждарын төлеу бойынша міндеттемелер;

15) машиналарды, жабдықтарды, бақылау өлшегіш аспаптарын, реттеуші құралдарды, нұсқаулықтарды, технологиялық процесті бұзу;

16) тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге сұраныс бағамы бойынша маркетингілік зерттеулердегі кемшіліктер;

17) біліктілігі жұмыстың күрделілігіне сәйкес келмейтін қызметкерлердің әрекеттері;

18) Сақтанушының сақтандыру жағдайымен тікелей себепті байланыстағы құқықбұзушылықты жасауы;

19) тозу, тоттану, коррозияға ұшырау, зеңдену, саңырауқұлақтану, дымқыл немесе құрғақ шіру, біртіндеп құлдырау, жасырын ақаулар, біртіндеп дамидын деформация немесе бұрмалану, жәндіктердің қоқыстары, кез келген түрдегі паразиттердің (микробтардың), кеміргіштердің әрекеттерін қоса алғанда және олармен шектелмей, біртіндеп әрекет ететін себептер;

20) Сақтанушының өрт қаупі бар, улы, жарылғыш және күйдіргіш материалдарды қодануы және қоймада ұстауы, қоқыстарды қоймада ұстауы немесе орналастыруы;

21) Сақтандыру шартында сақтандыру жағдайы ретінде көрсетілмеген оқиғалар (залалды келтіру себептері, тәуекелдер);

22) Сақтанушының жеке басын куәландыратын құжаттың мерзімі сапарға шығар күннен бастап 180 (жүз сексен) күн бұрын өткен болса;

23) Сақтанушының тасымалдаушы қосымша ақысыз ұсынатын ұшудың (шығудың) баламалы вариантын пайдаланудан бас тартуы;

24) Сақтанушының жөнелту орнына уақтылы келмеуге тікелей кінәлі болуы.

18. Сақтандырушы сонымен қатар төмендегілер үшін сақтандыру төлемін жүргізбейді және жауапты болмайды:

1) Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының (Сақтандырушы жауапкершілігінің лимитінен) мөлшерінен асатын залал бөлігіне;

2) Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру аумағынан тыс келтірілген залалға;

3) сақтандыру жағдайымен және оны кез келген уәкілетті органда (мемлекеттік баждар, ксерокөшірме шығындары, нотариатта куәландыру, сараптама, адвокаттың, өкілдің, аудармашының қызметтер ақысы) дәлелдеумен байланысты іс жүргізу шығындары;

4) моральдық зиян;

5) қаржылай шығыстар, уыстан шығарылған пайда, басқалай жанама залалдар, міндеттемелерді орындауды кешіктіргені үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) және басқа жанама шығындар, тауарлық түрін жоғалту;

6) егер ол шығыстар Сақтандырушының өтеуіне жататын залалдардың алдын алу немесе оларды азайту мақсатында жүзеге асырылған жағдайларды қоспағанда, сот, сараптама шығыстары;

7) мұнай мен газды жоспарлы түрде шығару салдарынан қоршаған ортаны ластау;

8) үшінші тұлғалардың және Сақтанушы қызметкерлерінің денсаулығына зиян келтіру;

9) егер ол сақтандыру аумағында әрекет ететін биліктің, инспекция немесе қадағалау органдарының өкімі бойынша бақылаудан шыққан деп жарияланған, алайда, осы Ережеге сәйкес бақылаудан шыққан деп саналмаған болса, сақтандырылған ұнғымаға бақылауды қалпына келтіру немесе оны қалпына келтіруге талпыну жұмыстарын жүргізу.

19. Сақтандыру сонымен қатар, мыналарға таратылмайды:

1) егер аталған оқиға зейнетақы төлемдерін алатын немесе оны алуға құқығы бар Сақтанушымен болса;

2) егер соңғы жұмыс орнында еңбек шартын бұзу сәтіне Сақтанушының үзіліссіз еңбек өтілі 12 (он екі) айдан кем болмаса;

3) егер белгісіз мерзімге жасалған еңбек шартын алдағы уақытта бұзу туралы хабарлама Сақтандыру шартын жасасу күнінен бұрын алынған болса;

4) егер белгісіз мерзімге жасалған еңбек шартын алдағы уақытта бұзу Сақтандыру шартын жасасу күнінен бұрын орын алса;

5) егер халықты жұмыспен қамту орталығында тіркелген тұлға ретінде Сақтанушыға Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте атаулы әлеуметтік көмек тағайындалмаған болса;

6) егер оның салдарынан қызметкерді басқа жұмысқа ауыстыру қажеттігі туралы медициналық қорытынды берілген сырқаттың диагнозы Сақтандыру шартының қолданысы басталғаннан бұрын қойылған болса;

7) егер тұлғаның Сақтандыру шартын жасасу сәтіне қызметкерді басқа жұмысқа ауыстыру қажеттігі туралы (оның ішінде медициналық куәландыруға жолдау) медициналық қорытындысы болса;

8) Сақтандыру шартын жасасу сәтіне денсаулығына байланысты жұмыс жасамаған тұлғаларға;

9) Сақтандыру шартын жасасу сәтіне кез келген демалыста болған тұлғаларға;

10) Сақтандыру шартын жасасу сәтіне толық емес жұмыс күні, толық емес жұмыс аптасы немесе қоса атқаратын талаптарда жұмыс жасаушы тұлғаларға.

20. Сақтандырушы егер сақтандыру жағдайы мыналардың салдарынан орын алса, Сақтанушы сақтандыру төлемін төлеуден толығымен немесе ішінара бас тартуға құқылы:

1) Сақтанушының қажетті қорғану және аса қажетті жағдайда жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, сақтандыру жағдайын тудыруға бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана жасалған іс-әрекетінің;

2) Сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттерінің салдарынан болса;

3) Сақтанушының осы Ережелерде көрсетілген міндеттерді орындамауы.

21. Сондай-ақ келесі жағдайлар да Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін негіз болуы мүмкін:

1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның зардаптары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;

2) Сақтанушының Сақтандыру шартында белгіленген міндеттемелер мен шарттарды орындамауы;

3) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының белгілері бар және (немесе) оның салдарынан сақтандыру жағдайының туындауы мүмкін оқиғаның туындағаны туралы Сақтандыру шартында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде хабарламауы немесе уақтылы хабарламауы. Сақтанушы көрсетілген іс-әрекеттерді дәлелді себептермен орындай алмаса және оны құжаттармен растаған ахуалдарды қоспағанда;

4) Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталуының мән-жайын тексеруде және одан келген залалдардың мөлшерін белгілеуде Сақтандырушыға кедергі жасауы;

5) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан туындаған шығындарды азайту шараларын қасақана қолданбауы;

6) сақтандыру жағдайының сақтандыру аумағынан немесе сақтандыру қорғанысы қолданылатын кезеңінен тыс туындауы;

7) егер Сақтанушы тиісті өтемақыны шығын келтіруге кінәлі тұлғадан алған болса;

8) егер сақтандыру жағдайы туындаған сәтте Сақтандыру шарты күшіне енбесе;

9) Сақтанушы сақтандыру жағдайының туындау фактісін растайтын құжаттарды толық ұсынбаған жағдайда;

10) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталғандығы үшін жауапты адамға талап қою құқықтарынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап ету құқығын өткізу үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы;

11) Сақтанушының тұрақты тұратын орнындағы жөнелту бекетіне келгенге дейінгі шығындары;

12) егер оның тұрақты тұратын аумағындағы жөнелту бекетінде рейс кешіктірілген болса, тұру шығындары.

22. Сақтандыру шартында осы тарауда аталып өткендерден басқа сақтандыру жағдайларының өзге де ерекшеліктері және (немесе) сақтандырудағы шектеулер белгіленуі мүмкін.

5. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ. ФРАНШИЗА

23. Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған және Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы басталған кездегі Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.

24. Сақтандыру шартында жауапкершіліктің барлық түрлері бойынша жиынтық төлем Сақтандыру шарты бойынша жалпы сақтандыру сомасынан аспайтындай талаппен

Сақтандыру шарты бойынша сақтандырылған түрлі тәуекелдерге қатысты бөлек сақтандыру сомалары қарастырылуы мүмкін. Мұндай жағдайда Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы жауапкершіліктің бірегей құрамдастырылған лимитін білдіреді.

25. Франшиза - Сақтандырушыны сақтандыру шарттарында қарастырылған белгілі бір мөлшерден аспайтын зиянды өтеуден босату. Сақтандыру шартымен шартты немесе шартсыз франшиза белгіленуі мүмкін.

26. Шартты франшизада Сақтандырушы белгіленген франшиза мөлшерінен аспайтын зиянды өтеуден босатылады, бірақ егер оның мөлшері осы сомадан асып кетсе, залалды толық көлемде өтеуге міндетті. Шартсыз франшизада келтірілген залал барлық жағдайларда белгіленген сома шегерілгеннен кейін өтеледі.

27. Қолданылатын франшизаның түрі мен мөлшері Сақтандыру шартында белгіленеді.

6. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ. ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ

28. Сақтандыру сыйлықақысы – Сақтанушының Сақтандырушыға Сақтандырушы Сақтанушыға Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізуге міндеттемелер қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы.

29. Сақтандыру шарты бойынша төленуі тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру объектісін және сақтандыру тәуекелінің сипатын сепке ала отырып, сақтандыру сомасының бірлігінен алынатын, сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін анықтайтын сақтандыру мөлшерлемесіне сәйкес есептеледі.

30. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын Қазақстан Республикасының валютасымен төлейді.

31. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда сақтандыру сыйлықақысы шетел валютасымен төленуі мүмкін (валюталық баламада).

32. Сақтандыру сыйлықақысы бір мезгілде немесе бөліп-бөліп төленеді, аударыммен немесе қолма-қол ақшамен төленеді (Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес).

Сақтандыру сыйлықақысын төлеудің тәртібі мен мерзімі Сақтандыру шартында белгіленеді.

